



# Үтір

**Орындаған: Жантаева А.  
тексерген: Нұржанова А.**

- Пунктуация – жазу тіліне қызмет ететін шартты белгі, Ол жазба тілдің барлық мән-мағынасын ашып түсінуге мүмкіндік береді.

• «Мәтіннің тыныс белгілерін қою үшін үш белгіге сүйену керек. Олар: сөйлем құрылысына негізделген — грамматикалық принцип; сөйлем және сөйлем құрамындағы сөздердің мағынасын айқындаушы мағыналық принцип және дауыс ырғағы — сөйлем интонациясы.»

• *(Р.Әмір, М.Атабаева)*

# Негізгі тыныс белгілері:

- ❖ *Нүкте*
- ❖ *сұрау белгісі*
- ❖ *леп белгісі*
- ❖ *қос нүкте*
- ❖ *көп нүкте*
- ❖ *нүктелі үтір*
- ❖ *Үтір*
- ❖ *Сызықша*
- ❖ *Тырнақша*
- ❖ *жақша*

- Үтір — сөйлемнің құрылысына, синтаксистік ерекшелігіне, мағынасына байланысты ең көп қолданылатын тыныс белгісі. Үтір құрмалас сөйлем құрамындағы жай сөйлемдерді, оңашаланған мүшелерді, оқшау сөздерді, бірыңғай мүшелерді, төл сөзді, т. б. айыра білу үшін қойылады.

- Қаратпа сөз сөйлемнің басында тұрса үтір оның соңынан, ортасында тұрса екі жағынан, соңында тұрса одан бұрын қойылады.
- Мысалы: Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат.
- Сөз түзелді, тыңдаушы, сенде түзел.  
(Абай)
- Мен ғой, апа...

- Қыстырмалар жалаң сөз, күрделі сөз, сөз тіркесі, тіпті қыстырма сөйлемдер болып та келеді. Қаратпалар сияқты қыстырмалар да сөйлемнің басында, ортасында, аяғында келуіне байланысты үтір қыстырма сөздің соңынан, екі жағынан, алдынан қойылады.
- Мысалы, Мүмкін, сәл кідіре тұрарсыз.
- Түнеукүні, әлі есімде, ауылдағы құс фермасына бардық.
- Сол ниетпен кірсем, неге екенін кім білсін, мені елеген адам жоқ.

- Одағайлар жай қалыпты дауыспен айтылса, үтір арқылы ажыратылады. Ал көтеріңкі, ерекше дауыспен айтылса, олардан кейін леп белгісі қойылады.
- Мысалы, Апырау, сіздің ауыл Майқұдыққа қонбаушы еді ғой?
- Сен өзің біздің қақпанға бұрын да түскен кәрі қасқыр екенсің ғой!



- Жалғаулықсыз келген бірыңғай мүшелердің араларына үтір қойылады. Бірыңғай мүшелердің санынан үтір санының біреуі кем болады.
- Мысалы, Өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ — бес дұшпаның. (Абай)
- *Бірыңғай мүшелердің арасында қайталамайтын мен, және деген жалғаулықтар тұрса, үтір қойылмайды*

- Оңашаланған айқындауыш мүшелер сөйлемнің басқа мүшелерінен үтір арқылы ажыратылады. Оңашаланған айқындауыш мүше болатындар:
- а) өзінен бұрынғы сөздің мәнін айқындап, дәлдеп беретін және сонымен септік жалғаулары жағынан тұлғалас келетін бір сөз не сөз тіркесі. *Мысалы, ол Құнанбай аулына, қорыққа, осы Ералыдан барған болар. Жексен қыстыгүні, Құлжаның жетісі болған күні, Қодар айтқан бір сөзді дәлел қылды.*
- ә) яғни, әсіресе, мысалы, яки, немесе, т.б. сөздермен басталатын тіркестер өзінің алдындағы сөздің мағынасын дәлелдеп тұрса, оңашаланған мүшелер бола алады

- Ал Салалас құрмаласқа енген жай сөйлемдердің арасына үтір, қос нүкте, сызықша, нүктелі үтір қойылады. Салалас құрмаласқа енген жай сөйлемдердің үтір қойылатындары:
- а) жалғаулық шылаулар арқылы құрмаласқан салаластың барлық түрлеріне, мағыналарының әр түрлі болғанына қарамастан үтір қойылады. ә) жалғаулықсыз ыңғайлас салалас үтірмен бөлінеді;
- б) жалғаулықсыз себеп-салдар салаластың себеп мәнді жай сөйлемі бұрын орналасса, соңынан үтір қойылады.
- *Мысалы, Бимендінің әкесінің аты Сыздық*

- **Төл сөзді сөйлемдегі үтір қойылатын орындар:**
- 1) әуелі төл сөз, одан кейін автор сөзі келгенде, төл сөз болып тұрған сөз хабарлы болса, үтір мен сызықшадан кейін автор сөзі жазылады. *Мысалы, “Білмегенді біле бер”, — деді Шәкерім Құдайбердіұлы;*
- 2) автор сөзі төл сөз болып тұрған тұтас сөйлемді екіге бөліп тұрса, автор сөзінің екі жағынан да үтір мен сызықша қойылады:
  - — *Мені, — деді Амантай далаға шыққан Асқарға, — губернатор шақырған екен.*

# Пайдаланылған әдебиеттер:

- Қазақ Энциклопедиясы", 9 том
- Сыздық Р., "Қазақ тілінің анықтағышы", Астана, 2000.

Назарларыңызға рақм